

Науырзым ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 қазандағы № 262 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "2015 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы" Науырзым ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 171 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 2 шілдеде № 5716 тіркелген, 2015 жылғы 10 шілдеде № 23 "Науырзым тынысы" аудандық газетінде жарияланған);

2) "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жаңармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы" Науырзым ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 171 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 2 шілдеде № 5717 тіркелген, 2015 жылғы 10 шілдеде № 23 "Науырзым тынысы" аудандық газетінде жарияланған).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Даиров